

«Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлау» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлау» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда оқытуға, білім беру мекемелері қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы міндеттердің кең шеңберін шешуге арналған.

2. Осы кәсіби стандарт негізінде ұйымдар өндірісті ұйымдастырудың, еңбек пен басқарудың ерекшеліктерін және олардың жауапкершілігін есепке ала отырып, кәсіби білімнің деңгейін, еңбек функцияларының тізбесін, білімдерін, біліктері мен дағдыларын нақтылай отырып, ішкі қолдану үшін қызметкерлерге арналған корпоративтік кәсіби стандарттар әзірлеуі мүмкін.

3. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

4) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

5) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

6) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

7) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, білікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптерінің негізгі түрі;

8) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

9) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

4. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

- 1) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 2) КС – кәсіби стандарт;
- 3) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
- 4) ҰБЖ – ұлттық біліктілік жүйесі;
- 5) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

5. Кәсіби стандарт атауы: Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлау

6. Қызметтің кәсіби стандартын әзірлеу мақсаты: Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлау кезінде сұранысқа ие кадрларды бағалау, аттестаттау, даярлау және қайта даярлау үшін негіз ретінде.

7. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: Құю өндірісі жататын негізгі кәсіптердің сипаттамасы, сондай-ақ құю өндірісі саласында техникалық қамтамасызетуді орындайтын жұмыскерлердің жұмысы мен еңбек функцияларының сипаттамалары.

Пластикалық масса және сазды өнімдерді қалыптау станогында қалыптау

Біліктілігі жоғары күйдірушінің жетекшілігімен мерзімді және үздіксіз әрекетті пештерде фарфорлы, фаянсты және майоликті өнімдерді күйдіру процесін жүргізу

8. Негізгі топ:

Кәсіби топ:

3. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптер тізбесі:

Фарфорлы және фаянсты өнімдерді қалыптаушы, СБШ бойынша біліктіліктің 2-4 деңгейі;

Фарфорлы және фаянсты өнімдерді күйдіруші, СБШ бойынша біліктіліктің 2-4 деңгейі.

10. Кәсіптер карточкасы осы кәсіби стандартқа 1-қосымшада келтірілген.

11. Кәсіби біліктілік картасы осы кәсіби стандартқа 2-қосымшада келтіріледі

«Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлау»
кәсіби стандартына 1-қосымша

КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Фарфорлы және фаянсты өнімдерді қалыптаушы»	
Кәсіптің коды	7321 «Фарфор және жемірлеу бұйымдарын қалыптаушы және пресстеуші құмырашы.»
Кәсіптің атауы:	«Фарфорлы және фаянсты өнімдерді қалыптаушы»
СБШ бойынша біліктілік	2

деңгейі:	Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту). Жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2013 жылғы 8 қаңтарда № 6-ө-м бұйрығымен бекітілген, БТБА бойынша 2-ші разряд, 42-шығарылым. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік Құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылғы 24 қаңтарда № 8293 болып тіркелген.
Еңбек функциялары:	1) Қалыптаушы станокта немесе жартылай автоматта өнімдерді қалыптау 2) Қалыптанған өнімдерді алу және оны конвейерлі кептіргіштің сөрелеріне орналастыру 3). Жабдықтардың техникалық күйін, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру. Жабдықтар мен жұмыстардғаы ақауларды анықтау
1-еңбек функциясы Қалыптаушы станокта немесе жартылай автоматта өнімдерді қалыптау	Білігі мен дағдылары: 1. Пластикалық масса және сазды қарапайым өнімдерді қалыптау станогында қалыптау 2. Өнім пішіні бойынша қарапайым өнімді қалыптау станогында немесе жартылай автоматта қалыптау
	Білімі: 1. Қалыптау станогының құрылғылары мен техникалық пайдалану ережелері 2. Жабдықты пайдалану ережелері
2-еңбек функциясы Қалыптанған өнімдерді алу және оны конвейерлі кептіргіштің сөрелеріне орналастыру	Білігі мен дағдылары: 1. Қалыптанған өнімдерді алу және конвейерлі кептіргіштің сөрелеріне орнату 2. Саны мен масса сапасын тексеру 3. Жабдықтардың дұрыстығын тексеру 4. Гипсті қалыптың жұмыс үшін жарамдығын анықтау 5. Гипсті қалыптың жұмыс үшін жарамдығын, қолданылатын масса дайындамасының ылғалдылық дәрежесі мен сапасын анықтау
	Білімі: 1. Қарапайым өнімдерді қалыптаудың технологиялық процесі 2. Пластикалық масса сапасына қойылатын талаптар 3. Қалыптау станогының құрылғылары мен техникалық пайдалану ережелері 4. Гипсті қалыптың жұмысқа жарамдылық дәрежесі 5. Гипсті қалыптың қасиеті
3-еңбек функциясы Жабдықтардың техникалық күйін, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру. Жабдықтар мен жұмыстардғаы ақауларды анықтау	Білігі мен дағдылары: Жабдықтарды пайдалану процесінде ұсақ ақауларды жою
	Білімі: Қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау әдістері және оны жою тәсілдері

Кәсіптің коды	7321 «Фарфор және жемірлеу бұйымдарын қалыптаушы және пресстеуші құмырашы.»
Кәсіптің атауы:	«Фарфорлы және фаянсты өнімдерді қалыптаушы»
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3. Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту). Жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2013 жылғы 8 қаңтарда № 6-ө-м бұйрығымен бекітілген, БТБА бойынша 3-5-ші разряд, 42-шығарылым. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік Құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылғы 24 қаңтарда № 8293 болып тіркелген.
Еңбек функциялары:	1 Қалыптаушы станокта немесе жартылай автоматта өнімдерді қалыптау 2 Қалыптанған өнімдерді алу және оны конвейерлі кептіргіштің сөрелеріне орналастыру 3. Жабдықтардың техникалық күйін, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру. Жабдықтар мен жұмыстардағы ақауларды анықтау
1-еңбек функциясы Қалыптаушы станокта немесе жартылай автоматта өнімдерді қалыптау	Білігі мен дағдылары: 1. Күрделігі орташа өнімдерді қалыптау станогында немесе жартылай автоматта қалыптау 2. Пластикалық массадан күрделі өнімдерді қалыптау станогында, жартылай автоматта немесе қалыптау-кептіру агрегатында қалыптау 3. Қалыптау станогының қалыпты ұстаушысының деңгейін реттеу.
	Білімі: 1. Күрделілігі орташа жазық және дөңгелек өнімдерді қалыптаудың технологиялық процесі 2. Күрделі және жазық өнімдерді қалыптаудың технологиялық процесі
2-еңбек функциясы Қалыптанған өнімдерді алу және оны конвейерлі кептіргіштің сөрелеріне орналастыру	Білігі мен дағдылары: 1. Қалыптау-кептіру агрегатының вакуумды сорғыштың күйін тексеру 2. Гипсті және синтетикалық қалыптың жұмысқа жарамдылығы мен тозу дәрежесін анықтау 3. Конвейерлі кептіру текшесіне бұйымдарды орнату. 4. Қалыптаушы-кептіру агрегатының вакуумды сорғышының жағдайын тексеру. 5. Синтетикалық қалып және гипстың жұмысына жарамдылығын және тозу жағдайын анықтау..
	Білімі: 1. Қызмет көрсетілетін жабдықтар мен газды кептіргіштің жұмыс істеу принципі, пайдалану ережелері 2. Гипсті және синтетикалық қалыптың жұмысқа

	жарамдылық дәрежесі
3-еңбек функциясы Жабдықтардың техникалық күйін, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру. Жабдықтар мен жұмыстардғаы ақауларды анықтау	Білігі мен дағдылары: 1. Жабдықтарды пайдалану процесінде ұсақ ақауларды анықтау және өз бетімен жою 2. Қызмет көрсетілетін жабдықтың жөндеу жұмыстарына қатысу 3 Жартылай автоматтың қалыптаушы роликті шаблонды парафинмен мерзімді майлау 4. Қалыптау станогындағы шаблон ұстағышының түсіру дәрежесін реттеу
	Білімі: 1. Қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау әдістері 2. Қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмыс істеу принципі және пайдалану ережелері 3. Қызмет көрсетілетін жабдықтар мен газды кептіргіштің жұмыс істеу принципі, пайдалану ережелері 4. Күрделі және жазық өнімдерді қалыптаудың технологиялық процесі
Кәсіптің коды	7321 «Фарфор және жемірлеу бұйымдарын қалыптаушы және пресстеуші құмырашы.»
Кәсіптің атауы:	«Фарфорлы және фаянсты өнімдерді қалыптаушы»
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4. Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту). Жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2013 жылғы 8 қаңтарда № 6-ө-м бұйрығымен бекітілген, БТБА бойынша 5-ші разряд, 42-шығарылым. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік Құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылғы 24 қаңтарда № 8293 болып тіркелген.
Еңбек функциялары:	1 Қалыптаушы станокта немесе жартылай автоматта өнімдерді қалыптау 2.Қалыптанған өнімдерді алу және оны конвейерлі кептіргіштің сөрелеріне орналастыру 3 Жабдықтардың техникалық күйін, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру. Жабдықтар мен жұмыстардғаы ақауларды анықтау
1-еңбек функциясы Қалыптаушы станокта немесе жартылай автоматта өнімдерді қалыптау	Білігі мен дағдылары: 1. Күрделігі орташа өнімдерді қалыптау станогында немесе жартылай автоматта қалыптау 2. Пластикалық массадан күрделі өнімдерді қалыптау станогында, жартылай автоматта немесе қалыптау-кептіру агрегатында қалыптау

	<p>3. Қалыптың жіберу деңгейін реттеу.</p> <p>4. Қызмет ететін құрал-жабдықтарды жөндеу.</p>
	<p>Білімі:</p> <p>1. Қызмет ететін құрал-жабдықтардың принципі және орнатуы.</p> <p>2. Қалыптау бұйымдарының технологиялық процесі.</p> <p>3. Қалыптау бұйымдарымен және қалыптау массасының сапасына талаптар.</p> <p>4. Бұйымдар және қиын қалыптардың дайындалу тәсілдері және әдістері.</p> <p>5. Ақаулардың түрлері және оларды шығарып тастау.</p>
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Қалыптанған өнімдерді алу және оны конвейерлі кептіргіштің сөрелеріне орналастыру</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Күрделігі орташа өнімдерді қалыптау станогында немесе жартылай автоматта қалыптау</p> <p>2. Пластикалық массадан күрделі өнімдерді қалыптау станогында, жартылай автоматта немесе қалыптау-кептіру агрегатында қалыптау</p> <p>3. Қалыптың жіберу деңгейін реттеу.</p> <p>4. Қызмет ететін құрал-жабдықтарды жөндеу.</p>
	<p>Білімі:</p> <p>1. Қызмет ететін құрал-жабдықтардың принципі және орнатуы.</p> <p>2. Қалыптау бұйымдарының технологиялық процесі.</p> <p>3. Қалыптау бұйымдарымен және қалыптау массасының сапасына талаптар.</p> <p>4. Бұйымдар және қиын қалыптардың дайындалу тәсілдері және әдістері.</p> <p>5. Ақаулардың түрлері және оларды шығарып тастау.</p>
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>Жабдықтардың техникалық күйін, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеру. Жабдықтар мен жұмыстардағы ақауларды анықтау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Жабдықтарды пайдалану процесінде ұсақ ақауларды анықтау және өз бетімен жою</p> <p>2. Қызмет көрсетілетін жабдықтың жөндеу жұмыстарына қатысу</p> <p>3. Жартылай автоматтың қалыптаушы роликті шаблонды парафинмен мерзімді майлау</p> <p>4. Қалыптау станогындағы шаблон ұстағышының түсіру дәрежесін реттеу</p>
	<p>Білімі:</p> <p>1. Қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау әдістері</p> <p>2. Қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмыс істеу принципі және пайдалану ережелері</p> <p>3. Қызмет көрсетілетін жабдықтар мен газды кептіргіштің жұмыс істеу принципі, пайдалану ережелері</p>
<p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p>	<p>Орындаушылық, ұқыптылық, жауапкершілік, дербестік, командада жұмыс істей білуі.</p>
<p>СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы</p>	<p>Фарфор және фаянс, керамика бұйымдарын күйдіруші.</p>

«Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлау»
кәсіби стандартына 2-қосымша

КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Фарфор және фаянс бұйымдарын күйдіруші»	
Кәсіптің коды	7321 «Фарфор және жемірлеу бұйымдарын қалыптаушы және пресстеуші құмырашы.»

Кәсіптің атауы:	«Фарфор және фаянс бұйымдарын күйдіруші»
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3. Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту). Жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2013 жылғы 8 қаңтарда № 6-ө-м бұйрығымен бекітілген, БТБА бойынша 3-6-ші разряд, 42-шығарылым. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік Құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылғы 24 қаңтарда № 8293 болып тіркелген.
Еңбек функциялары:	1 Мерзімді және үздіксіз әрекетті пештерде фарфорлы, фаянсты және майоликті өнімдерді күйдіру процесін жүргізу 2 Қызмет ететін жағудың орнатылған режимін ұстау және пеш каналының тиісті нүктелеріндегі берілген температураны сақтау
1-еңбек функциясы Мерзімді және үздіксіз әрекетті пештерде фарфорлы, фаянсты және майоликті өнімдерді күйдіру процесін жүргізу	Білігі мен дағдылары: 1. Мерзімді және үздіксіз әрекетті пештерде фарфорлы, фаянсты және майоликті өнімдерді күйдіру процесін жүргізу 2. Күйікке вагонеткалардың жарамдылығын тексеру. 3. Әртүрлі пештің түрлерінде отқа төзімді керек-жарак және капсуль күйіктер процесінің жүргізілуі. 4. Жоғары квалификациялық күйікшінің жетекшілігімен үздіксіз қызметі және периодты пештерде майоликті, фаянс және фарфор бұйымдарының күйік процесін жүргізу.
	Білімі: 1. Қызмет ететін пештердің механизмдері және бақылау-өлшемді аспаптарының эксплуатация ережелері және орнатылуы. 2. Қызмет ететін пештердің принциптері. 3. Күйіктің режимдері. 4. Температураны реттеу тәсілдері. 5. Күйік бойынша ауа және газдың өшу және қосылу тәртібі және ережелері.
2-еңбек функциясы Қызмет ететін жағудың орнатылған режимін ұстау және пеш каналының тиісті нүктелеріндегі берілген температураны сақтау	Білігі мен дағдылары: 1. Пеш арналарының өз нүктелеріне сәйкес берілген температураны сақтау және қызмет ететін топоктардың орнатылған режимдерін қостау. 2. Электроэнергия және отын шығынын үнемдеу үшін, муфельді тақталардың жағдайын түзету үшін, жүк вагонеткалары үшін бақылау. 3. Бақылау-өлшеу аппараттары және құрал-жабдықтардың, пештің жағдайын тексеру.

	<p>4. Пеште температураның жоғарылауын және берілген тепе-теңдікте орналастыруын қамтамасыз ету және температура режимдерін қадағалау.</p> <p>5. Берілген пеш режимдерін қамтамасыз еті.</p> <p>6. Электроэнергия және отын шығынын үнемдеу үшін, муфельді тақталардың жағдайын түзету үшін, жүк вагонеткалары үшін бақылау.</p> <p>7. Пеш жұмысында кішкене ақауларды шығарып тастау.</p> <p>8. Журналға жазуларды енгізу.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Өлшенетін аспап жылуының эксплуатация ережелері.</p> <p>2. Күйік бойынша ауа және газдың өшу және қосылу тәртібі және ережелері.</p> <p>3. Күйік бұйымдарының температуралық және газ режимдері.</p> <p>4. Камера пештеріне немесе вагонеткаларға сад бұйымдарының сызбасы.</p> <p>5. Күйдіру бұйымдарының ассортименті.</p> <p>6. Ақаулардың шығу себептері және оларды шығарып тастау.</p>
Кәсіптің коды	7321 «Фарфор және жемірлеу бұйымдарын қалыптаушы және пресстеуші құмырашы.»
Кәсіптің атауы:	«Фарфор және фаянс бұйымдарын күйдіруші»
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	<p>4</p> <p>Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту).</p> <p>Жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде.</p>
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	<p>Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2013 жылғы 8 қаңтарда № 6-ө-м бұйрығымен бекітілген, БТБА бойынша 6-ші разряд, 42-шығарылым.</p> <p>Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік Құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылғы 24 қаңтарда № 8293 болып тіркелген.</p>
Еңбек функциялары:	<p>1 Мерзімді және үздіксіз әрекетті пештерде фарфорлы, фаянсты және майоликті өнімдерді күйдіру процесін жүргізу</p> <p>2 Қызмет ететін жағудың орнатылған режимін ұстау және пеш каналының тиісті нүктелеріндегі берілген температураны сақтау</p> <p>3. Пештің жұмысындағы ұсақ ақауларды жою</p> <p>4. Төменірек квалификация күйдіргіш жұмысының жетекшілігі.</p>

<p>1-еңбек функциясы Мерзімді және үздіксіз әрекетті пештерде фарфорлы, фаянсты және майоликті өнімдерді күйдіру процесін жүргізу</p>	<p>Білігі мен дағдылары: 1. Мерзімді және үздіксіз әрекетті пештерде фарфорлы, фаянсты және майоликті өнімдерді күйдіру процесін жүргізу 2. Пештің жұмыс кезінде майда ақауларды шығарып тастау.</p> <p>Білімі: 1. Қызмет ететін пештердің механизмдері және бақылау-өлшемді аспаптарының эксплуатация ережелері және орнатылуы. 2. Құрал-жабдықтар және отын жағу жабдықтарына жақсы жұмысты қамтамасыз ету тәсілдері. 3. Күйік бойынша ауа және газдың өшу және қосылу тәртібі және ережелері.</p>
<p>2-еңбек функциясы Қызмет ететін жағудың орнатылған режимін ұстау және пеш каналының тиісті нүктелеріндегі берілген температураны сақтау</p>	<p>Білігі мен дағдылары: 1. Пештегі жылулық режимнің: жағу температурасын; газды орта сипатын; пеш каналының тиісті зонасындағы температурасын дәл сақталуын бақылау 2. Күйдіру зонасы бойынша вагонетка құрамының қозғалуын қамтамасыз ету 3. Ауа, будың қысымын және отын температурасын аспаптармен бақылау</p> <p>Білімі: 1. Мерзімді және үздіксіз әрекетті пештің құрылғылары мен пайдалану ережелері 2. Қызмет көрсетілетін жабдықтың конструкциясы 3. Күйік бойынша ауа және газдың өшу және қосылу тәртібі және ережелері.</p>
<p>3-еңбек функциясы Пештің жұмысындағы ұсақ ақауларды жою</p>	<p>Білігі мен дағдылары: 1. Күйдірудің әртүрлі стадиясында газды режимдерді реттеу 2. Процестің аяқталу сәтін және пештен күйдірілген өнімдерді түсірудің басталуын анықтау 3. Пештен өнімдерді түсірілуін бақылау 4. Әртүрлі күйіктердің сатыларында газ режимдерін реттеу. 5. Күйген бұйымдарды пештен түсіру бастамасы және күйік процесінің аяқталу сәтін анықтау.</p>
	<p>Білімі: 1. Өнімдерді күйдіру режимдері 2. Отынды жағу құрылғылары мен жабдықтардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін әдістер 3. Өнімдер ассортименті және оны күйдіру сапасына қойылатын талаптар 4. Отын шығынының нормасы 5. Отынның түрлері және сипаттамасы. 6. Жанарғы жабдықтары және түрлері. 7. Берілген күйіктің сапасына талаптар және бұйымдардың ассортименті.</p>
<p>4-еңбек функциясы Төменірек квалификация күйдіргіш жұмысының</p>	<p>Білігі мен дағдылары: 1. Әртүрлі күйіктердің сатыларында газ режимдерін реттеу. 2. Күйген бұйымдарды пештен түсіру бастамасы және</p>

жетекшілігі	күйік процесінің аяқталу сәтін анықтау. 3. Пештен шыққан бұйымдарды қадағалау. 4. Төменірек квалификация күйдіргіш жұмысының жетекшілігі
	Білімі: 1. Қызмет ететін пештердің механизмдері және бақылау-өлшемді аспаптарының эксплуатация ережелері және орнатылуы. 2. Құрал-жабдықтар және отын жағу жабдықтарына жақсы жұмысты қамтамасыз ету тәсілдері. 3. Температуралық және газ режимдерінің күйік бұйымдары. 4. Отын шығынының нормасы 5. Отынның түрлері және сипаттамасы. 6. Жанарғы жабдықтары және түрлері. 7. Берілген күйіктің сапасына талаптар және бұйымдардың ассортименті.
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Орындаушылық, ұқыптылық, жауапкершілік, дербестік, командада жұмыс істей білуі.
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	Бұйымдарды қалыптаушы.
Кәсіби стандарттың техникалық деректері	
Әзірленді	ЖШС «Казфосфат»
Нұсқа нөмірі мен шығарылған жылы	1-нұсқа, 2015 жыл.
Болжамды қайта қарау күні	2018 жыл

«Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлау»
кәсіби стандартына 3-қосымша

Кәсіби квалификацияның картасы,

Кәсіби және техникалық білімнің деңгейі (КЖТБ)*:

№ деңгейі/ деңгейден астам	Жұмысшының кәсібі	Ұлттық рамка квалификациясы бойынша квалификацияның деңгейі (квалификация рамкасының саласы)
	-	8-ші
	-	7-ші
	-	6-шы
5.1.	-	5-ші
4.1.	Бұйымдарды қалыптаушы.	4-ші
4.2.	Фарфор және фаянс, керамика бұйымдарын күйдіруші.	
3.1.	Бұйымдарды қалыптаушы.	3-ші
3.2.	Фарфор және фаянс, керамика бұйымдарын күйдіруші.	
2.1.	Бұйымдарды қалыптаушы.	2-ші
1.1.	-	1-ші